**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 123 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 28 мамырда № 7-11-122 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2011.01.20 № 5 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " және 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру және жөнелту 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында өткізілсін.

2. 1-қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы және оның резервтік құрамы құрылып бекітілсін. Аудандық шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. 2-қосымшаға сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Шақыру учаскесі Тасқала ауылы, Жуков көшесі, 3 мекен-жайында орналасқан "Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі ғимаратында ұйымдастырылсын.

5. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке шақыру, оларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында шақыру учаскесіне жеткізуді қамтамасыз етсін.

6. "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының " Тасқала аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) әскерге шақырушыларды сапалы медициналық тексеруден өткізу үшін 1- қосымшаға сәйкес дәрігер мамандар мен орта буынды

медицина қызметкерлерін бөлуді қамтамасыз етсін.

7. "Тасқала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңіне ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

8. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Тасқала ауданының Ішкі Істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақырылушыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылы 15 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мусинге жүктелсін.

*Аудан әкімі Ө. Мырзағалиев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ басшысы*
*_____________А. Жұбанышқалиев*

*11.05.2010 ж.*

*"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының "Тасқала аудандық орталық ауруханасы" МКҚК директоры*
*_____________Т. Қалибеков*

*11.05.2010 ж.*

*"Батыс Қазақстан облысының ішкі істер Департаменті Тасқала ауданының ішкі істер бөлімі" ММ басшысы*
*_____________С. Изимов*

*11.05.2010 ж.*

2010 жылғы 11 мамырдағы № 123 аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілген 1-қосымша

**Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Жұбанышқалиев Абат Әсетұлы - Тасқала ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Шынбаев Қанатқали Қажыбайұлы – аудан әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және қаржы-шаруашылығы бөлімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Ихласов Мирболат Ермекұлы – аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Кенжешева Гүлсайран Әлиқызы – Тасқала аудандық орталық аурухана директорының орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)

Алдабергенова Гүлжан Рахметқызы - Тасқала аудандық орталық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

**Аудандық шақыру комиссиясының резервтік құрамы**

Дарменов Мақсот Қайроллаұлы - Тасқала ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығының орынбасары, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Алиев Халық Серікұлы – аудан әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және қаржы-шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Есентаев Ерлан Есентайұлы – аудандық ішкі істер бөлімінің аға учаскелік инспекторы (келісім бойынша);

Дүйсекешева Нүрия Мадиқызы – Тасқала аудандық орталық ауруханасының жасөспірімдер дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)

Хамитова Марина Ғалымжанқызы - Тасқала аудандық орталық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

**Аудандық медициналық комиссия құрамы**

Медициналық комиссияның төрағасы - Тасқала аудандық орталық аурухана директорының орынбасары

Дәрігер-мамандар:

1. Терапевт дәрігері
2. Хирург дәрігері
3. Стоматолог дәрігері
4. Отолоринголог дәрігері

5. Офтальмолог дәрігері
6. Дерматолог дәрігері
7. Психиатр дәрігері
8. Рентгенолог дәрігері
9. Фтизиатр дәрігері

10. Невропотолог дәрігері

2010 жылғы 11 мамырдағы № 123 аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілген 2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № | Ауылдық округтер | саны | Көктемгі мезгіл | саны | Күзгі мезгіл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтау | 22 | 15.04-17.04 | 19 | 01.10-04.10 |
| 2 | Амангелді | 13 | 15.04-17.04 | 12 | 01.10-04.10 |
| 3 | Достық | 22 | 19.04-20.04 | 20 | 05.10-06.10 |
| 4 | Қазақстан | 32 | 19.04-20.04 | 29 | 05.10-06.10 |
| 5 | Қосшы | 22 | 21.04-23.04 | 20 | 07.10-08.10 |
| 6 | Мерей | 37 | 21.04-23.04 | 31 | 07.10-08.10 |
| 7 | Мереке | 17 | 26.04-27.04 | 16 | 13.10-14.10 |
| 8 | Тасқала | 195 | 27.04-05.05 | 198 | 15.10-21.10 |
| 9 | Шежін | 16 | 26.04-27.04 | 14 | 13.10-14.10 |
| 10 | Барлығы | 376 | | 399 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК